

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Нұсқау: Оқу сауаттылығы бойынша 3 мәтін және олардың мазмұны бойынша құрастырылған бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

1-мәтін

Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті, орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді.

Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де: - Момыштан сұраңдар, Момыш біледі, - деп отырады екен. Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай – бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Әлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған.

Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды Момыш ауылы дейді екен. Шаруамыз шап-шағын еді. Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты. Ал, әжем оны «Қара қатпа» деуші еді. Әкем орта бойлы, арық қара кісі еді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шүңгіл еді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын. Әжем оны «Тарамыс» деп те атайтын. Сол күштілігіне бола атаса керек.

Әйтсе де кедейдің қолы жомарт. Әкемнің қызғаншақтық, бақталастық дейтін қу мінезі жоқ, қолы ашық кісі болған. Бары болса, кісі шақырып, той-томалақ өткізуге құмар боп тұрар еді. Дүние, мал жиюды жек көретін. Бір жолы мен, ес біліп, етек жиған кезім, базар барып азын-аулақ ақшаны жаратып қойсам керек, өгей шешеміз мұныма күңкілдеп ұрса берді: - «Әлден ұрма, ақша бітсе шашып жүреді, тұра бара не болады?!» Әкем сонда өгей шешеме жай ғана: - Е, ақша дегеннің өзі шашуға шығарылған нәрсе де, - деп тастады.

Әкем базардан келе жатқан. Үлкен әпкем мені әкемнің алдынан алып шықты. Әкем қоржынды түзулеп, ерге мені отырғызды. Жалма-жан ердің қасынан шап беріп ұстай алдым. Әкем ат тізгінін жетектеп келеді. Үйге дейін отыз шақты қадам болса да, мен ердің екі жағына алма кезек ауытқып, қоржын ішіне сырғып түсе бердім. Әкем рахаттана күліп алып қайтадан ерге отырғызады. Әпкем болса қатарласа жүріп: «Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!» – дейді.

Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? - деп сұрайтын ол.

– Мен Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен, атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы, ең алдымен, осылай басталатынын ол кезде кім білген.

1. Б.Момышұлының әкесінің жасы

А) Сексеннің сеңгерінде

В) Алпысты алқымдады

С) Жетпістен асқан шағы

Д) Елуді еңсерді

2. Мәтіннің соңғы азатжолына сәйкес келетін мақал-мәтел

А) Әке көрген оқ жонар.

В) Өнерліге өріс кең.

С) Жігітке жеті өнер де аз.

Д) Жеті атасын білмеген жетесіз

3. Әкемнің әкеме қойған аты

А) Қара қатпа

В) Молда бала

С) Ұста бала

Д) Қара бала

4. Мәтіннің кіріспесінде автордың әке бейнесін еске түсіруде назар аударған тұсы

А) талапшылдығы

В) бірбеткейлігі

С) зеректігі

Д) алғырлығы

5. Момыш меңгерген өнер

А) тілмаш, офицер, би

В) учитель, ардагер, емші

С) ұста, зергер, етікші

Д) саудагер, сауыншы, ақын

2-мәтін

1. Ата-баба өнегесі деп қазақ қоғамының қалыптасу тарихынан бастап, халықтың ұлт болып қалыптасудағы қасиеттері мен өмір сүру тәсілінен туындаған рухани құндылықтарды айтамыз. Ұлттық өнеге ұлт болмысының ерекшелігін, табиғатын, дүниетанымын, дәстүрі мен мәдениетіндегі даналықты көрсетіп отырады. «Қазақ өнегесі» ұғымының мәніне назар аударған адамға алдыменен қазақ ұлтының отбасылық мәдениеті мен дәстүрі, қарияларымыздың ұрпақтың тілеуін тілеген мінезі, қазақ баласының батыр, ержүрек болып есеюі, елдігі, бір сөзбен айтқанда, елдің ел болудағы жетістіктері, кейінгіге үлгі болатын, жөн сілтейтін іс-әрекеті көрінеді.

2. Қазақ өнегесінің бастауы қазақтың көне тарихында. Сақтар мен түркілердің өмір салты, жауынгерлігі, жылқы малын қадірлейтін мінезі қазақ өмірінде жалғасты. Қазақ жерінен табылып отырған көне дәуірдегі жәдігерлер бұдан 3000 мың жыл бұрын (тіпті одан да әрі) бүгінгі қазақ даласында өмір сүрген тайпалардың жылқыны көлік ретінде пайдаланып, бие сүтінен қымыз ашытқандығы дәлелдейді. Сонау сақтардан арғы уақыттан бастау алған қазақтың ұлттық азық-түлік өнімдері, оны жасаудың технологиясы (мал союда оны жілікке бөлу, сүт өнімдері және т.б.) әлі күнге дейін ұлт өмірінде жалғасуда. Ұлттың көнеден бастау алатын бұндай азық-түлік өнімдерін өндіру, пайдалану технологиясымен қатар, ұрпақтың ел қорғаудағы жаумен күресу техникасы тағы бар.

3. Құндылықтар шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен, ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

4. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» – дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» – дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық, рухани-материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланың жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратындай болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған.

5. Балаларды толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық өнеге мен ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие берудің маңызы зор.

6. Халқына деген махаббат білдіріліп, ұлағатты ой айтылған бөлім

- A) 4
- B) 2
- C) 3
- D) 1

7. Мәтін мазмұны бойынша «Қазақ өнегесіне» жатпайтын нұсқа
- A) отбасылық мәдениет
 - B) кейінгіге үлгі болу
 - C) ержүрек болып есею
 - D) қалыптасу тарихы
8. 1-азатжолдың мазмұнына сәйкес нұсқа
- A) Археологиялық қазбалар
 - B) Азық-түлік өнімдерін өндірудің тарихы
 - C) Жылқы малы қазақ ұлты үшін қадірлі
 - D) Халқымыздың рухани құндылықтары
9. Автордың ойынша бала толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін қандай тәрбие алуы қажет?
- A) Заманауи тәрбие
 - B) Тек мектеп тәрбиесі
 - C) Әлеуметтік тәрбие
 - D) Ұлттық тәрбие
10. Мәтін мазмұны бойынша ой реттілігі
- 1. Көне дәуір жәдігерлері
 - 2. Ұлағатты ойларды дәріптеу
 - 3. «Қазақ өнегесі» ұғымы
 - 4. Тұлғаның құндылықтарды игеруі
 - 5. Толыққанды тұлғаға айналдыру жолы
- A) 5.2.4.3.1
 - B) 3.1.4.2.5
 - C) 1.2.3.4.5
 - D) 4.1.3.2.5

3-мәтін

I. Тұз – ағзаның дұрыс және толассыз түрде қызмет етіп отыруына арналған қажетті компонент. Тұзды өндіру жұмысы күрделі, ал оны тұрмыста өте көп қолданамыз. Ол жерасты шахтасынан немесе тұзды көлдің түбінен өндіріледі. Еліміздегі «Аралтұз» кәсіпорыны тұтынылатын тұздың барлық түрін өндіреді. Ал йодталған тұз бізге Ресей мен Белорусьтен келеді. Қазіргі таңда экологияның бұзылуына байланысты табиғи тұздың сапасы төмен. Сондықтан біз жасанды тұзды пайдалануға мәжбүрміз.

II. Тұздың құрамында ағзадан калийдің, яғни өте зиянды өнімнің шығуына ықпал тудыратын натрий бар. Натрий мен кальцийдің ағзада тең дәрежеде жұмыс істеуі бойымыздағы су мөлшерін реттеп, қан тамырларының тұрақтылығын сақтайды. Ең бастысы, асқазан сөліндегі тұз қышқылының түзілуіне жағдай жасайды. Бұл алмасу процесінің адам үшін өмірлік маңызы бар. Дәл сол себептен де тұз адамға оның ішкі органдарының дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет. Қазір дәрігерлер науқастарға тұз бен қантқа шектеу қойғанымен, оларға тұзды мүлдем қолданбауға кеңес бермейді.

III. Тұзды қажетті мөлшерден артық пайдаланса, ағзада тұз-су айналымы бұзылады, сұйықтық мөлшері артады, нәтижесінде жүрекке салмақ түседі, қан қысымы көтеріледі, бас ауырады, соңында гипертонияның немесе басқа жүрек-қан тамырлар ауруларын тудыруы ықтимал. Тұтынған тұздың көп мөлшері несеп арқылы бөлініп шығады. Егер тұздың ағзадағы мөлшері артса, қан тамырларының қабырғаларына жиналып, оларды нәзік және үзілгіш етеді. Сонымен қатар, тұз ағзада зәр шығару жүйесінде, әсіресе, бүйректе тас түрінде жинақталып, несеп қышқылының бөлініп шығуына кедергі келтіреді. Әрі тұз тәбетті арттыратындықтан, семіздікке де ұшыратады. Сондықтан артық салмақтан арылғысы келетін адамдарға тұзды тұтынуды азайтқан жөн. Тұздың әсерінен ағзада сұйықтық көбейіп, артық салмақ қосылады. Тұз ағзадан кальцийді шайып, кальций жетіспеушіліктен адамның сүйектері зардап шегіп, сүйек жұмсара бастайды.

IV. Тұздың бірнеше түрлері бар: тасты тұз – табиғи жолмен алынатын таза табиғи өнім, тамақ өнеркәсібінде жиі қолданылады. Тұнба тұз – тұзды суларды қайнатып буландыру арқылы алады, құрамында әртүрлі қоспалар көп болады, сондықтан ағзаға өте зиян. Шөгетін тұз – көбінесе тұзды көлдердің астынан алынады. Бұл тұз көлдердің түбінде өздігінен тұнады. Қазақ халқы мұндай көлдерді «шипалы су» деп атаған. Ваккумда буландырылған тұз – тереңде жатып қалған тұзды еріту арқылы шығарылады. Бұл ең таза тұздардың қатарына жатады.

11. Тұздың адам ағзасына пайдасы

- A) Адамдар артық салмақтан арылады.
- B) Адам ағзасындағы кальций азаяды.
- C) Ішкі ағзалар дұрыс жұмыс жасайды.
- D) Ағзадағы сұйықтық мөлшері артады.

12. Мәтін мазмұны бойынша жауабы бар сұрақ
- A) Тұзды қандай ыдыстарда сақтайды?
 - B) Тұзды қанша мерзім сақтау керек?
 - C) Тұздың бір күндік мөлшері қандай болады?
 - D) Тұзды көп пайдаланудың салдары қандай?
13. Ағзаға өте зиян тұз
- A) тұнба тұз
 - B) йодталған тұз
 - C) тасты тұз
 - D) шөгетін тұз
14. Мәтіндегі II азатжолға қатысты автордың ойы
- A) тұздың ағзаға зиянын дәлелдеу
 - B) тұздың ағза үшін маңызын түсіндіру
 - C) тұз өндірушілер туралы ақпарат беру
 - D) тұзды пайдалануды мүлдем шектеу
15. *«Қорықшылар жануарларға тұз қойып, оларды қосымша қоректендіріп отырады. Жануарлар тұз қойған жерді үнемі тауып келіп, жалап тұрады. Үй жануарларына да тұз беріледі».*
- Берілген мәлімет пен мәтін мазмұнына ортақ ақпарат
- A) Тұз – табиғи өнім
 - B) Тұз – қорек
 - C) Тұздың ағзаға зияны
 - D) Табиғи тұз пайдасы